

УДК 82.0; 82.09

А. Нүсіп

өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ІІ курс магистранты, Алматы қ., Қазақстан  
E-mail: [a.n.n.2012@mail.ru](mailto:a.n.n.2012@mail.ru)

### М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасындағы психологиялық сарын

Бұл мақалада Мағжан Жұмабаевтың поэмаларының жанрлық түрлері қарастырылады. Ақынның поэмалары атап өтіліп, оның ішінде «Батыр Баян» поэмасындағы психологиялық сарындары көрсетіледі. «Батыр Баян» поэмасындағы кейіпкерлер әлемінің психологиялық сарындарын ашуға тырыстым. Осы поэмадағы портрет, пейзаж, кейіпкерлердің басындағы сезімдер, психологиялық параллелизм ұғымдары көрсетіледі. Батыр Баянның психологиялық сезімдерін, автордың жеткізу шеберлігін жан-жақты қарастырдым.

**Түйін сөздер:** поэма, жанр, психологиялық параллелизм, портрет, пейзаж, ғашық болу мотиві, психологиялық сарын.

А. Нүсіп

#### Психологический аспект в поэме М. Жумабаева «Батыр Баян»

В этой статье рассматривается психологизм в поэме М. Жумабаева «Батыр Баян». В статье говорится о психологических аспектах в поэме «Батыр Баян». Это психологическая поэма.

В этой статье я рассматриваю жанровые виды поэм М. Жумабаева. В особенности психологические мотивы в поэме "Батыр Баян". Постаралась раскрыть психологические чувства героев поэмы "Батыр Баян". Также выделяю портрет, пейзаж, чувства пережитые героями, психологический параллелизм встречающиеся в поэме "Батыр Баян".

В статье еще говорится о мастерстве автора.

Поэмы М. Жумабаева взяли большое призвание в казахской литературе. До него почти никто глубоко не описывал психологические аспекты в жанрах поэмы. Талант и одаренность М. Жумабаева внесли новшество психологизма в поэму.

**Ключевые слова:** поэма, жанр, психологизм, портрет, пейзаж, мотив.

А. Nussip

#### «Batyr Bayan» of M. Zhumabaev psychological direction in a poem

We talk psychologism in poem of M. Zhumabaev «Batyr Bayan». Poem of M.Zhumabaev «Batyr Bayan» psychological poem. We investigate it process in this article.

In this article I consider genre types of Zhumabaev's poems. In particular psychological motives in poem "Batyr Bayan". I tried to explose characters' phsycological senses in the poem mentioned above. Also I point out portrait, landscape, the past characters' senses, phsycological parallelism, which face in poem "Batyr Bayan". It's said about author's professional craft. Zhumabaev's poems take high position in kazakh literature. It was nobody who deeply described the phsycological aspects in genre poems before him. M.Zhumabaev's talent and gifts bring novelty of phsycology in his poems.

**Keywords:** poem, genre, psychology, style, portrait, landscape.

М. Жұмабаев поэмалары қазақ әдебиетінде алар орны биік десек қателеспейміз. Мағжан Жұмабаевтың поэмаларын түрлі жанрларға жіктеуге болады. Ақын қазақ әдебиетіндегі фольклорлық үлгіні ұстанып «Ертегі жыр», «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы» сияқты поэмалар жазды. Ақынның бұл поэмалары халық ауыз әдебиетінің кейбір элементтерін сақтады. Және осы поэмалардың кейіпкерлерін өз бетінше қойған. Мағжан Жұмабаевтың поэмалары тек шығыстық үлгілерді арқау етіп қана қоймай, қазақ тарихында болған оқиғалар мен

аңыз-ертегілерді де арқау еткені бәрімізге де белгілі болып отыр.

XX ғасырдың басында қазақ әдебиетінің қатары біршама поэмалармен толығып, өсу кезеңде болды. Дәл осы салаға М.Жұмабаевтың да еңбек еткені белгілі. Ақынның түрлі жанрдағы поэмалары әдебиетімізде осы кезеңде жарық көре бастады. М.Жұмабаев поэмаларының сюжеті аңызға, тарихи оқиғаларға, ертегіге, мысалға, толғауға құрылған десе де болады. Ақынның тарихи оқиғаларға негізделген – «Батыр Баян», аңызға негізделген – «Қорқыт», «Қой-

лыбайдың қобызы», ертегіге негізделген – «Ертегі», «Оқжетпес», мысалға негізделген – «Өтірік ертегі», «Жүсіпхан» т.б. поэмалар қатарын атауымызға болады.

Бүгінгі біздің осы мақалада қозғайтын мәселеміз – «Батыр Баян» поэмасында кездесетін психологиялық сарындар болып отыр. Әрине, әдебиетте поэма жанрында психологиялық аспектілер терең суреттелмейді. Мағжан Жұмабаевтың таланты мен дарыны поэмада психологизм ұғымын суреттеуді алып келіп отыр десек, қателеспеген болар едік.

«XX ғасырдың басындағы Мағжан Жұмабаев поэмаларының ішкі мазмұнын ашуға шығыстан келген сюжеттер ғана емес, өмірдегі болған, шындық оқиғалар да романтикалық сарында қызмет еткен. Ақын осы әдіспен белгілі бір қоғамның өзі таныған бейнесін көркем шындық биігіне көтере, үлкен полотнода суреттеді. Автор бас кейіпкер іс-әрекеті арқылы өзінің эстетикалық принциптерін алға тарта отырып, өзінің қоғаммен қарым-қатынасын танытады. Бұған дәлел – поэмалардағы негізгі сюжетпен қатар дамып, ақын ой-арманын танытатын лирикалық толғаулар. Кейбір туындыларда ақын өз кейіпкерімен ажырамастай бірігіп, біртұтас образға айналған» [1. 9]. Бұл пікірге толық келісуге болады. Ақын өмірде болған шындық оқиғаларды, оның ішінде тарихи оқиғаларды поэмасына арқау етіп суреттеген десек қателеспейміз.

Ақынның поэмалары романтикалық, психологиялық, лирикалық сарындарға өте толы болды. Поэмаларында оқиғаларды баяндап қана қоймай, сол оқиғалардағы кейіпкерлер ісіне басты назар аударды. Поэмаларында тек тарихта болған оқиғаларды немесе аңыз әңгімелерді баяндап қана қоймай, ғашық болу, патриоттық және тағы басқа сезім құбылыстары кеңінен суреттейді. Мәселен, «Батыр Баян» поэмасында осы мотивтер кездеседі.

Негізінде поэмада психологизм аспектілері кеңінен суреттелмейді. Поэма проза емес. Прозада кейіпкердің жан дүниесіндегі сезім иірімдері жан-жақты ашылып суреттелсе, поэмада бұл құбылыс тар шеңберде қолданылады. Мағжан Жұмабаев талантты ақын болғандықтан, Батыр Баян поэмасында кейіпкерлердің психологиялық сарындарын көркем ой кестелі сөзбен берді деп айта аламыз. Жүсіпбек Аймауытов Мағжан Жұмабаевқа арналған мақаласында: «Мағжан – терең күйдің ақыны емес, нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны, ол кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны» деген болатын [2.

227]. Ендеше осы пікірден «түйер ой, қорытындылайтын сөзіміз» Мағжан Жұмабаев поэмалары нәзік сезімдерге құралған. Мұндай сезімдер күйін «Батыр Баян» поэмасынан көруімізге әбден ақ, болады екен. Мағжанның осы аталған «Батыр Баян» поэмасын Ш.Елеуқенов қазақ әдебиетінде Мағжан Жұмабаевтың реалистік-психологиялық поэмаларының негізін қалағандығын айтып кеткен болатын. Және де, осы поэманы Ш.Елеуқенов реалистік-психологиялық поэма деп таныды. Мағжан Жұмабаевтың поэмаларын зерттеген зерттеушілеріміздің бірі – Ж.Балтоғаева да «Батыр Баян» поэмасын психологиялық сарында жазылғандығын айтып кеткен болатын. «Поэма психологизмі өте күрделі. Поэма адам жанының ұңғыл-шұңғылын негіз етіп алмайтын жанр деп қарасақ та, Мағжан білімі, мүмкіншілігі, қабілеті арқылы поэмаға ширығу, асқақтықты дәл осы құбылыстар арқылы берген. Мұнда адам мінезінің астары, жан-дүние ішкі қыртыстары, сезім толқыныстары мен психологиялық тартыстар образды түрде көрініс тапқан» [3. 13].

«Батыр Баян» поэмасы тарихи поэмалар қатарына жатады. Негізгі тақырыбы жоңғар шапқыншылығы кезіндегі «елім деп жерім деп» еңіреген Батыр Баянның ерлігі, батырлығы, батылдығы суреттеледі. Сонымен қатар, бұл поэмада тарихи оқиғалар, Баянның ерлігі ғана емес, Баянның ауылға тұтқын боп түскен он төрт жастағы қалмақ қызына ғашық болуы, ғашық болса да сол сезімін ақылмен жеңіп, қызға тиіспеуін автор жақсы суреттейді. Әрине, бұл суреттеудің астарында автордың Баян образын шығарып отырғандығы белгілі. Сонымен қатар, Ноян атты інісін, қалмақ қызымен қоса өлтіргенде Баянның күңіреуі де поэмада жақсы көрініс тапқан. Осы аталған поэмада ақынның сұлу қыздың портретін беруі, пейзажды суреттеуі, адам мен табиғат арасындағы психологиялық сезімдерді беруі шебер десек те болады. Мәселен, Арқаның тамаша табиғатын ақын:

«Арқада жер жетпейді Бурабайға,  
Бөленген бұйра сыпсың қарабайға.  
Бұлт күшқан мәңгі мең-зең Көкшетауға,  
Бөлектау: «Ой бауырым!» - дер анадайда.  
Оқжетпес найза қия-қыранға уя,  
Қарасаң жанның шері тарқамай ма?  
Солардың ортасында Бурабай көл,  
Мөп-мөлдiр дөп-дөңгелек ұқсайды айға...»

Көкшенің сұлу да кербез табиғатын ақын осылай суреттеп кетеді. Кез келген жан баласы осы суреттеуді оқи отырып, бейне бір өзі табиғат әлеміне еніп, Бурабай көлдің мөп-мөлдiр

бейнесі мен бұйра сыпсың қарағайлардың ортасында жүргендей сезінеді деп айтсақ қателеспеген болар едік.

Батыр Баян поэмасында кейіпкерлер портреттері өте жоғары деңгейде суреттелген деп айта аламыз. «Аузынан ана сүті кеппеген» он бес жасар Ноян поэмада балалығы қалмаған, оңын-солын әлі жетік танымаған жас бала болса, тұтқындағы қалмақ қызы «еліктің лағындай», сызылған сұлу бір бейне. Бұл поэмдан қалмақтың тұтқын қызына деген Ноянның ғашық болу мотиві байқалады.

«Ноян да сол сұлуға тәтті балдай,  
Мөлдiреп қараушы едi көзi талмай.  
Мас болып, дене түгiл жаны елжiреп,  
Жүтқандай сол сәуленi демiн алмай.  
Алайда бұзық ойдан аулақ едi,  
Сұлуға тәңiрi көрiп табынғандай.  
Жанса да жап-жас Ноян, сүм сұлу қыз,  
Көп заман жүрдi бiрақ, көз де салмай.  
Сонда да, кейбiр кезде ақ бетiне,  
Бiр нәрсе жүгiрушi едi ыстық қандай».

Екi жастың ғашық болу мотивiн автор осылайша суреттейдi. Қыздың бетiне жiгiттi көрген сәтте қан жүгiруi психологиялық тұрғыдан тегiн емес. Ал, Ноян баланың ғашық болу сезiмдерiн автор жiгiттiң бет-бейнесiнен де көрсетiп бергендей:

«Жас Ноян қызды көрiп от боп кеттi,  
Көздерi қызыл жалын шоқ боп кеттi».

Әрине, тұтқында жүрген, сызылған қалмақ қызының сұлулығына Ноян қалай мас болма-сын. Автордың сол қыздың портретiн беруi өте шебер түрде орындалған десек те болады.

«Сол сұлу сұлу екен атқан тандай,  
Бiр соған бар сұлулық жиылғандай.  
Торғын ет, шапақтай бет, тiсi меруерт,  
Сөздерi су сылдырлап құйылғандай.  
Бiр улап көзқарасы, бiр айнытқан,  
Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай.  
Лебiзi – жiбек лебi, жұмақ желi,  
Кәусәрдей татқан адам қалар қанбай».

Автордың осы суреттелуi Баян батырға да әсерiн тигiзбей қойған жоқ. Батыр Баян да осы он төрт жастағы қалмақ сұлуына ғашық болды, көз салды. Бiрақ, қалмақ қызына саусағының ұшын да тигiзген жоқ. Өйткенi автор осы әрекетке байланысты Баянның адалдығын, ерлiгiн көрсетiп отырғандай. Бойын махаббаттың тәттi сезiмi билесе де, ол сезiмге ерiк бермедi, махаббат пен ләззаттан бас тартуы жас қызға

деген ағалық мейiрiмiн танытуға алып келгендiгi бәрiмiзге белгiлi.

Осы аталған поэмада Баянның бала Ноян мен қалмақ сұлуын қоса өлтiргендегi күнiрену сезiмiн автор шебер түрде суреттейдi. Батырдың қайғырғаны – даланың қайғырғаны, батырдың күнiренуi – табиғаттың күнiренуi. Автор осы ұғымды негiз ете отырып, Баянның басындағы психологиялық күйдi табиғатпен қатар, табиғат арқылы ашып бердi десек, қателеспеймiз. Мәселен:

«Айырылып екi жаннан қаралы ер,  
Зарланып көзiнен қан тамшылатты.  
Тұңғық жанды жеген қап-қара шер,  
Жүрегi тас болса да, шыдай алмай,  
Қамығып, қайғы басып, күрсiндi жер.  
Молайтып минут сайын қасiрет жырын,  
Жанында өксiп-өксiп жылады жел».

Осы поэма жолдарынан Баянның басынан өткен қайғыны байқай аламыз. Туған iнiсi мен қарындасындай болып кеткен қызды өлтiрiп, екi жасты күшып батырдың жылап отырғандығын автор психологиялық сарындармен қоса суреттейдi. Ия, жас Ноян жастығын жасап, туған елiне опасыздық жасап отыр. Бұл Батырдың намысына, ашуына тидi. Батыр Баян ашудың негiзiнде ақылын жоғалтып, құрғыр намыс жiбермей, екi жасты да атып тастады. Екi жасты жоқтап енiреуiн автор табиғатпен қатарластыра отырып, психологиялық параллелизм түрiнде берiп отыр.

Поэмада кейiпкердiң жан дүниесiндегi сезiм құбылыстары өте тар шеңберде суреттелетiндiгi айтпаса да түсiнiктi. Мұндағы психологиялық сарындар кейiпкерлер арқылы емес, автор арқылы берiледi. Кейiпкердiң басындағы сезiмдерi мен күйiн автор өз сөзiмен, сырттан бақылау арқылы беретiндiгi бәрiмiзге белгiлi болып отыр.

«Боз үйде жалғыз қалып Баян ендi,  
Жаралы жолбарыстай күнiрендi.  
Қорғасын миын, ойын төмен басып,  
Ақылға алғыр күстай ашу төндi.  
Бiр көк сүр түс енгiзiп, бар денеге,  
Сүм жүрек қанды өзiне жинай бердi.  
Ақырда ашу ердi билеп кетiп,  
Жалп етiп, сөнген шамдай ақыл өлдi.  
Өлдi ақыл. Атып тұрып Батыр Баян,  
Боз үйден оқ жыландай шыға келдi».

Байқап отырсақ, батырдың оқ жыландай үйден атып шығуы бойын ашу кернегеннен болса керек. Автор батырдың күнiренуiн, ашулануын, санасын ақылсыздықтың билеуiн өз тiлiмен сырттан берiп

отыр. Баянның өз тілімен, не өз сезімін жеткізіп тұрған жоқ. Сырттай бақылау арқылы автор өз психологизмін жеткізіп отыр. Баянның басындағы психологиялық күйді автор өз сөзімен жақсы жеткізіп отыр десек, қателеспеген болар едік.

Қорытындылай келе, біз М.Жұмабаевтың талантты ақындар қатарына жататындығына көз жеткіздік. Ақынның көркем де шебер тілі өз поэмаларында кейіпкерлер дүниесінің жан әлемін бүге-шүгесіне дейін суреттемесе де,

автор өз ойымен шебер жеткізе білді. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің қатарын өз поэмаларымен толықтырып, поэма жанрының қазақ әдебиетінде өсуіне ықпал жасады деп айтсақ, қателеспейміз. Ақынның поэмалары лиризмге өте толы. Ақын өз поэмаларында кейіпкерлерінің сезімін өзі сезгендей әсер беретіні сөзсіз. Ақынның поэмаларын қазіргі таңда толық зерттеуіміз біздің басты міндетіміз болып саналатындығы белгілі.

#### Әдебиеттер

- 1 Балтоғаева Ж. «Мағжан Жұмабаев поэмаларының жанрлық-көркемдік ерекшеліктері»: Диссертация. – Алматы: 2003. – 140 б.
- 2 «Мағжан Жұмабаев өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер». Құрастырған – Ж. Сүлейменов. – Петропавл: 2006. – 428 б.
- 3 «М. Жұмабаев шығармалары: өлеңдер, поэмалар, қара сөздер». – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
- 4 «М. Жұмабаев Сүй, жан сәулем». Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2002. – 256 б.
- 5 «Мағжан әлемі: әдеби зерттеулер». Құрастырған – Ж.Сүлейменов. – Алматы: Асыл кітап баспасы, 2009. – 496 б.
- 6 Майтанов Б. «Қазақ романы және психологиялық талдау». – Алматы: Қазақ Университеті, 1996. – 333 б.

#### References

- 1 Baltogayeva Zh. «Magzhan Zhymabaev poemalarynyñ zhanrlyq-korkemdik erekshelikteri»: Dissertatsiya. – Almaty: 2003. – 140 b.
- 2 «Magzhan Zhymabaev öleñderi, prozasy zhñe әdebi zertteuler». Qyrastyrgan – Zh. Suleymenov. – Petropavl: 2006. – 428 b.
- 3 «M. Zhymabaev shyғarmalary: öleñder, poemalar, qara sözder». – Almaty: Zhazushy, 1989. – 448 b.
- 4 «M. Zhymabaev Süy, zhan säulem». Öleñder men poemalar. – Almaty: Atamıra, 2002. – 256 b.
- 5 «Magzhan әlemi: әdebi zertteuler». Qyrastyrgan – Zh.Suleymenov. – Almaty: Asyl kitap baspasy, 2009. – 496 b.
- 6 Maıtanov B. «Qazaq romany zhñe psihologiyalyq taldau». – Almaty: Qazaq Universiteti, 1996. – 333 b.